

Г.Қ. Шашаева<sup>1</sup>, У.М. Дзолдыбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Халықаралық бизнес университетінің доценті, PhD доктор,  
Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Қазақстан, Алматы қ.

## Ж.МОЛДАБЕКОВ МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ

### Аңдатпа

Мақалада философия ғылымдарының докторы, профессор Ж.Молдабековтың еңбектеріндегі рухани құндылықтар жүйеленіп, талданады. Қазақ халқының философ ғалымы Ж.Молдабековтың ғылыми еңбектері қоғамдық сананың ұлттық идеясымен тығыз байланыста жазылғаны мәлім. Онда қазақ болмысы мен рухы зерделеніп, жастар санасына жаңғыртушы күш ретінде әсер етеді. Ұстаздық қызметін ғылыммен шебер ұштастыра білген Ж.Молдабековтың мол мұрасы жастардың философиялық дүниетанымын байытып, отансүйгіштік, ұлтжандылық сезімдерін қалыптастырып, білімді әрі білікті мамандар ретінде тәрбиелеуге негіз алады. Рухани өмір мәдениеті-адамның адамгершілік іс-әрекетінің белсенді факторы. Онда жанның даналығы және адамның рухани тәрбиесінің тамыры жатыр. Мақалада оның негізінде адам өмірінің тереңдігі, оның моральдық және әлеуметтік қатынастарының шексіздігі түсіндіріледі.

Осы ретте, мақалада Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық акмеологиялық ғылымдар академиясының (Санкт-Петербург) академигі, дарынды ғалым, қоғам қайраткері, тәжірибелі педагогтың есімі республикамыз бен алыс-жақын шет елдерге кеңінен танымал көрнекті ғалым Ж. Молдабеков ұлттық деңгейде зор мәнге ие халқымыздың мүддесі мен игілігіне, қазақ руханиятына қызмет ететін «Қазақтану» ілімінің негізін қалаушы танымал ғалым ретінде оның қалдырған мұраларының кейбірін талдай отырып, ұлттық деңгейде жазылған маңызды идеяларының жоғарыдағы сұраныстарға толықтай жауап беретіндігіне көз жеткізуге болатындығы айтылған.

**Түйін сөздер:** интеллектуалды ұлт, ұлттық идея, рух, рухани құндылықтар, философия, ғылым.

*Shashaeva G. K. <sup>1</sup>, Dzholdybayeva U. M. <sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*PhD. Associate Professor. University of International Business.  
Kazakhstan, Almaty,*

<sup>2</sup>*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor. Al-Farabi Kazakh National University.  
Kazakhstan, Almaty*

## THE SYSTEM OF SPIRITUAL VALUES IN THE HERITAGE OF ZH.MOLDABEKOV

### Abstract

Current article is devoted to scientific and pedagogical activity of professor, PhD Zh.Moldabekov. In his scientific work were discussed issues such as national innovations in improvement of Kazakhstani patriotism. Professor Zh. Moldabekov made a huge contribution to the education of young people, combining scientific activities with teaching activities. Also, the works of a prominent scientist on the development of a methodological basis for humanities

education were widely used in the disclosure of this article. The culture of spiritual life is an active factor in human moral activity. It contains the wisdom of the soul and the roots of the spiritual education of man. The article explains on its basis the depth of human life, the infinity of its moral and social relations.

At the same time, the article notes that the name of the academician of the Academy of Social Sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International Academy of acmeological Sciences (St. Petersburg), a talented scientist, public figure, experienced teacher is widely known in the Republic and near and far abroad. Moldabekov, as a well-known scientist, the founder of the doctrine of "Kazakh Studies", which serves the interests and well-being of our people, Kazakh spirituality, which is of great importance at the national level, analyzing some of his legacy, can be convinced that the most important ideas written at the national level fully meet the above requirements.

Keywords: intellectual nation, national, spirit, spiritual values, philosophy, scientist.

*Г.К. Шашаева<sup>1</sup>, У.М. Джолдыбаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> доктор (PhD), доцент. Университет международного бизнеса,  
Казахстан, г. Алматы.*

*<sup>2</sup> кандидат исторических наук, ассоциированный профессор. КазНУ имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы*

## **СИСТЕМА ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В НАСЛЕДИИ Ж.МОЛДАБЕКОВА**

### *Аннотация*

Данная статья посвящена научной и педагогической деятельности профессора, доктора философских наук Ж.Молдабекова. В научных трудах профессора Ж.Молдабекова рассмотрены вопросы национальной инновации в укреплении казахстанского патриотизма. Профессор Ж.Молдабеков внес огромный вклад в воспитании молодежи, совмещая научную деятельность с преподавательской деятельностью. Также труды видного ученого по разработке методологической основы гуманитарного образования были широко использованы в раскрытии данной статьи. Культура духовной жизни-активный фактор нравственной деятельности человека. В нем заложена мудрость души и корни духовного воспитания человека. В статье на ее основе объясняется глубина человеческой жизни, бесконечность ее моральных и социальных отношений.

При этом в статье упоминается имя академика Академии социальных наук Республики Казахстан, академика Международной академии акмеологических наук (Санкт-Петербург), талантливого ученого, общественного деятеля, опытного педагога, выдающегося ученого, широко известного в республике и странах ближнего и дальнего зарубежья. Молдабеков, как известный ученый-основатель учения «Казахтану», служащего интересам и благам нашего народа, казахской духовности, которая имеет большое значение на национальном уровне, проанализировав некоторые из его наследия, отметил, что его важные идеи, изложенные на национальном уровне, полностью отвечают вышеприведенным запросам.

**Ключевые слова:** интеллектуальная нация, национальная, духовность, духовные ценности, философия, ученый.

**Кіріспе:** Жазылып отырған мақалада Ж.Молдабековтың ғылыми еңбектері талданып, дүниетанымдық және тәлімдік маңызын терең, жүйелі зерттеулеріндегі инновациялық жұмыстарын мәдениеттану, элеуметтанулық талдау – бүгінгі ғылым талабының, Қазақстан дамуының сұраныстарына жауап береді және өлшемі бола алады. Ғылыми мақалада ғалым, ұстаз Ж.Молдабековтың ғылыми еңбектерін мәдени-рухани құндылықтар ретінде

қарастырып және мәдени-өркениеттік кеңістігі, соның ішінде, еліміздің қарыштап даму барысындағы негізгі идеялар мен мемлекетіміздің түрлістратегияларына бағышталып жазылған еңбектері мәдениеттану тұрғысынан сарапталып, ғылыми пайымдаулар жасалады.

Бүгінде өскелең жас ұрпақ еліміздің ұлтжанды тұлғаларының өнегелі өміріне қызығушылық танытуы және одан үлгі алуы хақ. Жастардың бойында дағдысы мен шеберлігін, отансүйгіштік сезімін, асқақ адамшылық қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, білімін және біліктілігін ұнамды мінез-құлық пен рухани-адамгершілік құндылықтары арқылы қалыптастыруы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясында жан-жақты негізделген жолдау аясында «Елбасының Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру:Қазақстан Республикасының Президенті» атты мақаласы жарық көріп, қоғамды рухани жаңғыртудың басты идеялары қазіргі кезде жастар арасында кеңінен насихатталуы ұсынылды, Жастар саясатының басымдықтарын Елбасы Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерді саралай келе, ХХІ ғасырдың үшінші он жылдығында әлемнің дамыған 30 мемлекеті қатарына енуге ниетті екенін тілге тиек етеді. Елбасы пікірінше, ұлттық тәуелсіздік идеологиясы халқымызға тән ізгілік идеялары мен ділдік ерекшеліктерінің жинақталған көрінісі болуы тиіс. Әсіресе, қазіргі өтпелі кезең қиындықтарын жеңіп, пайдалы ескі мен жаңаның ара қатынасындағы сабақтастықты орнықтырудың мәні зор. Өз кезегінде, бұл үдеріс ұлттық құндылықтарды тереңдету барысында жүзеге асады. Құндылықтардың батыстық үлгілерін қабылдаумен ғана шектелген жағдайда күрделі рухани мәселелерді шешуге негіз бола алмайтыны анық. Оны шешу үшін жастардың білім саласындағы әлеуметтік мәдени қамтамасыз ету және оны рухани санасына сіңіру үшін білім бере іске асыру бүгінгі күнгі зиялы қауымның алдына қойылған мәселе болмақ. Осы сұранысқа жауап ретінде қазақ халқының философ ғалымы Ж.Молдабековтың рухани құндылықтарға толы әрі қоғамдық сананың ұлттық идеясымен тығыз байланыста жазылған еңбектері қазақ болмысының рухын зерделеп, ұлттық идея тұрғысында жастардың санасына жаңғыртушы күш ретінде әсер ететінін ескерген жөн. Соның негізінде, қоғамдық сана деңгейінде мемлекеттің болашағына деген сенім деңгейі арта түспек. Ж.Молдабековтың ғылыми еңбектері рухани түлеудің белгісі ретінде халқымыздың әдет-ғұрып өнегесінде, ар-намыс өрісінде, қимыл-әрекет өлшемі бола алады. Бұл орайда, рухани құндылықтар жиынтығы ретінде халқымыздың осы даналығын ғалым жылдар бойы жазып, жарыққа шыққан оқулықтарын ілімге айналдыруда және рухани құндылықтарын ғылыми айналымға қосуда ерекше дүниетанымдық көзқарас танытты.

**Материалдар мен әдістер:** Мақалада сипаттау, тарихи-салыстырмалы, деректанулық талдау, жинақтау, жүйелеу, тарихи-мәдени, әлеуметтік т.б. әдістер қолданылды. Тарихи-мәдени және әлеуметтік, философиялық, педагогикалық ізденістерде белгілі ғалым Ж.Молдабековтің қаламынан шыққан еңбектер мақаланы жазу барысында пайдаланылды. Бүгінде Жақан Жанболұлының еңбектері гуманитарлық білім саласына қосқан үлесін ескерсек, оны осы саланы дамытуда үлкен рөл атқарған ғалымдар қатарына жатқызуға болады. Ж.Молдабековтың 600-ден артық еңбектердің авторы болғандығы түрлі еңбектерімен бірге, Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты жолдауы (2013 ж.), Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы (2013 ж.) стратегиялық бағдарламалары мақалада қолданылған.

**Талқылау:** Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында көшпелі өркениетіміздің ежелгі тарихын философиялық тұрғыдан жаңадан зерделеп, жаһандық мәдени картаға «жайғастыру» қажеттілігі мәселесіне тоқталады. Мұнда ұлттық тарихымызға тереңірек үңіліп, оны білу қажеттілігіне ерекше көңіл аударды. Бұл тұрғыда Елбасы «Қазақстан тарихы жекелеген үзіктермен емес, замануи ғылым шыңынан түсінікті болуы тиіс», - деген пікір білдірді. Бүгінде мемлекеттік мәртебеге ие ұлттық құндылықтар қоғамдық-әлеуметтік қызметті арттыру мен тарихи-танымдық әлеуетті жаңғыртуда

ұлттымыздың мәдениеті мен болмысын анықтауына септігін тигізеді. Ұлттың тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен даналығын тұтастықта сипаттайтын рухани-мәдени құндылық екені ақиқат. «Ұлт-мәдениет-құндылық» үштік қағидасына сәйкес, ұлтты, ұлт мәдениетін құндылық ақпараты арқылы таныту ғылымдағы жаңаша қалыптасқан бағыт. Қазіргі әлемдік өркениет кеңістігіндегі жаһандану үрдісіне сәйкес, тілді зерттеудің кешенді сипаты оның рухани-мәдени сабақтастығын анықтауға саяды. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылған мәселелерге әлем халықтары да көз тігіп, аса қызығушылық танытуы байқалады. Еліміздің осы жеті кереметін білім беру жүйелері арқылы өзге ұлт өкілдеріне танытуға барынша үлес қосу зор міндет болып табылады. Осы тұста айта кетер жайт, мәдениетке қатысты адамзат ғұмырнамасының әр дәуірінде қоғамдық сана феномені алдыңғы қатарға шығады. Елбасы ол жөнінде: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен саламатты өмір сүруді саналарына сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз...Өйткені халықтың мәдени кодын мойындамау, оның өмірі мен ұлттық рухын мүлдем мойындамауға алып келеді. Мұндағы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу» – деген болатын. Сонымен қатар «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы «Болашаққа бағдар - Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы іспетті. Мақалада айтылған тың ойлар әлеуметтік бағдар ретінде бүгінгі білім мен тәрбиенің өзегіне айналуы тиіс. Халқымыздың мәдени-тарихи тамыры тереңде жатқанын ескерсек, мақаланың жас ұрпақты тәрбиелеу мен бағыт-бағдар беруде маңызы зор. Өркениетті әлем жаңа ғасыр басталысымен-ақ, білімнің дамуының жаңа кезеңіне қадам басып отыр. Соңғы он жылдықтағы маңызды өзгерістер қоғамның барлық саласын, соның ішінде білім беру саласын қамтып отырған пәрменді интеграциялық процестер болып табылады. Қазірге кезеңде қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бетбұрыс рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде ұйымдастырылып, жастардың салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға негізделуі тиіс. Рухани-адамгершілік құндылықтардың нормалар мен салт-дәстүрлер, әдет-ғұрып, мораль, құқықтық білімдер негізімен қатар әлеуметтік-рухани өмірдің құндылық элементтері ретінде қарастырылғаны жөн. Адам құндылығының ең маңыздысы «өмір сүру» бағытында руханилық қатынас ретінде сипатталады. Ал адамның адам болып қалыптасуына үлес қосатын негіз рухани-адамгершілік құндылық болып табылады. Руханилық-күрделі және көп қырлы құбылыс. Бастапқыда бұл ұғым «жан», «рух» идеялары түрінде пайда болды. Әл-Фараби жалпыға ортақ және қолайлы көзқарас ретінде рух, толық және кемелді білім, әмбебап және қасиетті идея жөнінде айтқан[1].

Гегельдің пікірінше, рух өзінің табиғи болмысында сана ретінде, субъектінің белгілі бір ішкі қызметі ретінде, өнердегі, дін мен ғылымдағы ішкі нәрсенің аяқталуы ретінде түсінілуі керек. Рух-бұл оның негіздеріне және жеке анықтамаларына еркін көзқарас[2]. Рухани өмір мәдениеті-адамның адамгершілік іс-әрекетінің белсенді факторы. Онда жанның даналығы және адамның рухани тәрбиесінің тамыры жатыр. Оның негізінде адам өмірінің тереңдігі, оның моральдық және әлеуметтік қатынастарының шексіздігі түсініледі. Осы ретте, Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық акмеологиялық ғылымдар академиясының (Санкт-Петербург) академигі, дарынды ғалым, қоғам қайраткері, тәжірибелі педагогтың есімі республикамыз бен алыс-жақын шет елдерге кеңінен танымал көрнекті ғалым Ж.Молдабеков ұлттық деңгейде зор мәнге ие халқымыздың мүддесі мен игілігіне, қазақ руханиятына қызмет ететін «Қазақтану» ілімінің негізін қалаушы танымал ғалым ретінде оның қалдырған мұраларының кейбірін талдай отырып, ұлттық деңгейде жазылған маңызды идеяларының жоғарыдағы сұраныстарға толықтай жауап беретіндігіне көз жеткізуге болады. Жақан Жанболұлының жастайынан ғылымға, білімге құмартқандығын жазып кеткен еңбектерінен танып білуге болады. Ол еңбектерді барынша жастарға жеткізсек: болашақ руханияттылығымен байланысты сұрақтар қоя отырып, ұлттық идея деңгейінде жазылғандығын баға жетпес мұра етіп қалдырған еңбектерінен байқауға болады. Өмірінің

ажырамас серігіне айналған білім мен ғылым биігіне көтерілуіне негіз болған ғылыми-зерттеу қызметін ғұмырының соңғы күндеріне дейін жүргізген. Сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің негізі болатындай ақын-жыраулар, би-шешендер дүниетанымын ділдік тұрғыда зерттеген ғалым. Қазақ елінің танымал ұлағатты ұстазы Ж.Молдабеков алған білімін әрдайым жетілдіруден жалықпаған еңбекқор ғалым. Жас ұрпаққа тәрбие беру мақсатында болашаққа жол сілтеу мақсатына бағытталған ғылыми-еңбектері қазақ ұлтының рухани құндылықтарға толы қасиетін зерделеп, ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге жол сілтеді.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Ж.Молдабеков көп жылдар бойы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылыми жұмысын педагогикалық қызметімен ұштастыра білген азамат. Ұстаздық жолын оқытушылық қызметтен бастаған Ж. Молдабеков алдымен дайындық факультетінің, кейіннен философия және саясаттану факультетінің деканы болып жалғастырғаны мәлім. Қай қызметте болса да, өз ісін жетік меңгерген маман, шебер ұйымдастырушы ретінде танылған, өзіне жүктелген жауапкершілікті адал атқарған тұлға. Ұлағатты ұстаздың жемісті еңбегі, ғылыми-педагогикалық қызметі мен өнегелі істері келешек ұрпаққа үлгі болары анық. Өзінің білімділігі, мәдениеттілігі, еңбекқорлығы, кішіпейілділігі сынды жеке тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленген ғалым шынайы құрмет пен беделге ие болғаны мәлім.

Ғалымның еңбектері бүгінде гуманитарлық білім салаларында өз деңгейінде зерттелуіне жол ашылуда. Олардың бірі, белгілі ғалым, педагог-ұстаз Ж. Жанболұлының қаламынан туындаған «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша: «Ежелгі шығыс» (2005ж.), «Қазақтың халық философиясы» (2006 ж.), «Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы мен философиясы» (2007ж.), «Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы» (2008 ж.) кітаптарына тікелей жетекшілік жасап, жарыққа шығуына белсене араласқаны мәлім. Осы арқылы ғалымның еңбектерінің отандық гуманитарлық ғылым тарихында рөлі зор екендігіне көз жеткіземіз. «Қазақтану» ілімінің негізін қалаушылардың бірі ретінде қаламынан шыққан «Қазақ осы мың өліп, мың тірілген» (1998 ж.), «Қазақтану» (2003 ж.), «Шығыс философиясы» (2003 ж., 2007 ж.), «Қазақтану өрісі» (2005 ж.), «Шешендік» (2009) оқу құралы, «Қазақтану және жанару философиясы» (2009), «Ұлттық тәрбиенің патриоттық негізі» (2011 ж.), «Өзіндік таным оқу құралы» (2014 ж.), «Интеллектуальная нация: стратегический курс и культурно-национальные факторы становления» монографиясы (2016 ж.) еңбектерін атауға болады.

Бүгінде Ж.Молдабековтың жетекшілігімен докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғаған шәкірттері еліміздің түрлі салаларында жемісті еңбек етуде. Сонымен бірге Ж.Молдабеков еңбектеріне негізделіп жазылған, соңғы жылдары жарияланған мақалалары бар. Атап айтқанда: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасы ұйымдастыруымен профессор, философия ғылымдарының докторы Молдабеков Жақан Жанболұлының 75 жылдық мерейтойына орай «Қазақтану және рухани жаңғыру» атты еске алу дөңгелек үстелі өтті. Ұйымдастырушы кафедраның белсенді жұмысы нәтижесінде профессор, философия ғылымдарының докторы Ж.Молдабеков атындағы «Қазақтану» орталығы ашылды [3]. Орталықтың басты мақсаты – «Жақан Жанболұлының қазақ мәдениетіне, тарихына, философиясына, сондай-ақ қазақ халқының құндылықтарын зерттеуге қосқан үлесі мен идеяларын жүзеге асыру. Бұл орталық арқылы қазақтану ғылымының рухани және әдістемелік негізін қалыптастырып, оны жүйелі түрде ұлттық құндылықтарымыз негізінде насихаттау. Осы тұрғыда Ж.Молдабеков атындағы «Қазақтану» орталығы ғалымның идеяларын насихаттап, қазақтану ұғымымен сусындаған, рухани бай, интеллектуалды әлеуеті дамыған ұрпақты дайындайтын орталық болмақ. Бұл тұрғыда «Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы» шешімімен «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы студенті Г.Әбдуқадырдың «Өзін-өзі тану сабағында Ж.Молдабековтың еңбектері арқылы оқушылардың өзіндік таным дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы диплом жұмысы сәтті қорғалды. Ж. Молдабековтың ғылыми еңбектеріне бағытталып жазылған бұл еңбек, өзін-өзі тану сабағында оқушылардың өзіндік таным

дағдыларын қалыптастыру мәселелері ғылыми, тәжірибелік-педагогикалық тұрғыда тиімділігі анықталып, әдістемелік ұсыныстар өзіндік таным теориясына негізделді. Сонымен бірге, бұл еңбекте ғалымның құнды мұралары арқылы, білім алушылардың рухани-интеллектуалдық әлеует пен тарихи-мәдени үрдіс табиғатын ұғына түсінуге мүмкіндік беретін фактілер мен педагогикалық ой-пікірлер сараланып, білім, ғылым, оқыту теориясына қатысты талдау беріліп, оның оқу-тәрбие үрдісіне ұйымдастырудағы алатын орны айқындалды. Сонымен бірге, ғылыми-зерттеу жұмысында Ж.Молдабеков еңбектерін пайдалану арқылы білім алушылардың рухани-адамгершілік әлеуетін қалыптастыру бағыттарын айқындайтын ұсыныстар берілгендігі ұлағатты ұстаздың есімін болашаққа өшпес құнды мұралары мен игі істері дәлел болмақ.

Сонымен қатар «Мәдени мұра құндылықтарын жоғары білім беруде қолдану» тақырыбына профессор Ж.Молдабековтың ғылыми редакциялауымен Г.К. Шашаеваның монографиясы әзірленіп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Қазақ университеті» баспасында кітап болып басылып шықты[4]. Монографияда мәдени мұра құндылықтары жүйеленіп, оның дүниетанымдық және тәлімдік маңызын терең зерделеніп, ондағы инновациялық жұмыстарды жоғары білім беру саласында қолдану мәселелері қарастырылған. Қазақстан дамуының да ерекше еншісін кеңейтіп, мемлекеттік өмірлік қажеттілікке айналдыру мақсатында құрастырылған. Кітап педагогика, мәдениеттанушы мамандар мен жоғарғы оқу орындарының бакалаврлары, магистрлері және докторанттарына арналған. Осылайша, Ж.Молдабековтың ғылыми еңбектері осы рухани түлеудің белгісі ретінде халқымыздың әдет-ғұрып өнегесінде, ар-намыс өрісінде, қимыл-әрекет өлшемінде болмақ. Десекте, рухани құндылықтар жиынтығы ретінде халқымыздың осы даналығын Ж.Молдабековтың оқулықтары мен бағдарламалар ұсыну арқылы ілімге айналдыру, рухани құндылықтарын ғылыми айналымға қосу – маңызды дүниетанымдық мәселе болмақ.

Ағымдағы жылы көпшілік оқырманға арналған «Өнегелі өмір» сериясы [5]. ұлтжанды азамат, ұлағаты мол ұстаз, көрнекті ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Ж.Молдабековтың өмір жолы мен ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған қазақтану идеясындағы таңдамалы туындылары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері берілген. Сондай-ақ қайраткер тұлғаның көзін көріп, тәлімін алған, сыйлас болған әріптестері мен шәкірттерінің, дос-жарандары мен ет жақындарының естеліктері жинақталған. Жақан Жанболұлы – ел бірлігі, ұлт болмысы мен рухы, интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру, интеллектуалдық сананы көтеру мәселесін жан-жақты зерделеп, бүгінгі қазақтануды таныта білген кемел тұлға. Абайдың өмірдегі, өнердегі, өлеңдегі зиялылығын өмірлік қағидасы тұтқан бекзат жан ұлылықты жас ұрпаққа ұлағат етуді мақсат тұтқан ұлағатты ұстаз Жақан Жанболұлының еңбектері мен мол адами қасиеттерін туралы осы кітаптан оқып, танысып қана қоймай гуманитарлық ғылымдар саласынан тәлім алған мамандар мен шәкірттері әрі қарай көрнекті ғалым ұстаздың еңбектерін жетілдіре береді деген сенімдеміз.

**Зерттеу нәтижелері:** Қазіргі жаһандану кезеңінде ұлт дамуының әсері ұлт ынтымақтастығы мен қасиетін қастерлеуге, жастардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға, олардың ар-намысын шыңдауға, отансүйгіштік пен ұлтжандылық сезімдерін оятуға ықпал етеді. Тарихи-мәдени, рухани білім бере оқыту - тәрбиенің жай бөлшегі ғана емес, әлемдік деңгейдегі білім ақпараттық мазмұнын ұлттық құндылықтар арқылы үйлестіруші жүйе бола алады. Бұл орайда, Ж.Молдабековтың «Интеллектуалды ұлт: қалыптасуының мәдени-ұлттық факторлары мен стратегиялық бағыты» атты еңбегі рухани жаңғырудың сипаты ретінде рухани сананы ынталандыратын әлеуметтік құндылықтарды жаңғырту; жастардың рухани санасын ояту, шығармашылық әлеуетін дамытуға және рухани құндылықтарын қалыптастыруға бағытталғанын көреміз [6]. Ал, Шығыс және Батыс өркениеттері тоғысындағы қазақ халқының мәдени құндылықтарын дәстүр және жаңашылдық ара қатынасында қарастыра аламыз. Рухани құндылықтарға: адамзат білімі, дүниетаным принципі, философиялық тұжырым, адамгершілік нормалары мен саяси білім, яғни әлемнің рухани жетістіктерін жатқызуға болады. Ал құндылықтар

жүйесі адамзат дүниетанымының негізгі іргетасы, оның әлемге көзқарасының қайнар көзі [7].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан жас ұрпақтың әлеуметтенуі мәселесі мемлекет назарында болғаны белгілі. Жаңа бағдарламалар жастардың білім саласындағы әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етуге, шығармашылық әлеуетін дамытуға, патриотизм құндылықтарын қалыптастыруына жағдай жасауға бағытталған. Жастар саясаты саласындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру нәтижесінде жастар саясатының келесі кезеңіне қадам бастық. Бүгінгі қоғамдағы жастардың рухани құндылықтарының қалыптасуынан мемлекет болашағы мен қоғам дамуын көреміз. Ж. Жанболұлының еңбектерінде жастардың қоғамның бір бөлігі болып қалыптасуына олардың қоғамдық ортада рухани әлеуметтену мәселелеріне әлеуметтік тұрғыда жауап аламыз [8]. Сондай-ақ, жеке тұлғаның таңдау еркіндігінің көрінісінде мінез индивидтің табиғи ортаға бейімделу, өзіндік түсінігін қалыптастыру, әлеуметтік-психологиялық жүйедегі өзін-өзі тану, тұлғаның әлеуметтік-мәдени жағдайда өзін-өзі таныту кезеңдерін қамтиды. Өз болмысын адамгершілік тұрғысынан адал көрсете алатын жанды Шығыста «Бекзат адам» ретінде бағалайтыны анық. Ал «Ұлы ілімде» (Кунд-Фу-цзы): «Бекзат адамның Ұлы жолы болады. Ұлы жол өзіндік танымға апарды», - делінген [9].

Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғалымдар саласында халқымыздың ғасырлар қойнауынан келе жатқан мәдени мұрасын, тәлім-тәрбиесін философия, психология, педагогика саласындағы ғалымдардың еңбектерін оқу арқылы ғылыми-теориялық тұрғыда талдап, пайдалануға жол ашылды. Бұл міндеттерді шешудің алғышарттары әлеуметтік, философиялық, психологиялық негізде қарастырылған. Интеллектуалды дәстүрді танып-білу әлеуметтік-мәдени ерекшеліктер мен жан-жақты білім интеграциясы мүмкіндіктерін қарастыру, руханият диалогын құрып, тарихи-мәдени және мәдени-психологиялық талдаулар ретінде қолдануға болады. Инновациялық дәстүрдің мәні – функционалдық қызметтен жасампаздыққа, рухани мұра жетістіктеріне жетуге, әлеуметтік-психологиялық үдерістерді пайдалануға ықпал етеді. Мәдени мұра ерекшеліктері философиялық адамгершілік бағдар аясында интегралдық сипатқа ие болады. Ж. Жанболұлы өз еңбектерін «Мәңгілік елді» қалыптастырып дамытатын, рухани кемелденген, өзіндік таным-тағылымы жетілген жастарға арнады. «Мәңгілік ел» идеясына сәйкес, жастардың өзіндік танымы мен дағдыларын қалыптастыру барысында «Өзіндік таным» еңбегін жазды. Онда жастар танымын қалыптастыруда Шығыс және Батыс ойшылдарының идеялары, діни түйіндері, қазақ би-шешендері мен ақын-жыраулары шығармаларын ұтымды пайдалана білді [10]. Бұл оның – қазақ халқының ең маңызды рухани құндылықтарының бірі болып табылатын – қазақи шешендік өнерін ұлттың этномәдениеті ретінде қарастырып, ғылыми талданып жазылған жұмыс болып табылады.

Ж. Жанболұлының жазып қалдырған ғылыми шығармаларына кеңінен зер салсақ, оның қазақ этномәдени, философиялық тұрғыда болашақ ұрпақты ұлттық құндылықтарды бойына сіңіретіндей етіп тәрбиелеуде үлес қосатындай жазып қалдырған еңбектері жеткілікті. Бұл мәдени және философиялық мұралар қазақтың ұлттық құндылықтарына жатады деп айтуға тұрарлықтай. Осы бағыттағы Ж. Жанболұлының маңызды да маңызды жұмыстарының бірі – «Шешендік: Оқу құралы» еді [11]. Осы жұмыстың атауы мен мазмұнына ауқымы кең тарихи тұрғыдада қарастырылған болғандықтан және қай жағынан алып қарасақта маңызды зерттеулердің қатарына толығымен жатады демекпіз.

Халқымыздың мәдени мұрасы мен шығармашылық өнерінде шешендіктің орны зор. Өйткені шешендік: адамды ақиқат пен әділдікке, кемелдік пен бақытқа жеткізетін шынайы кісілік қасиеттердің көрінісі мен жиынтығы; кісілікті, жақсы мінезді, әдепті, және инабатты болуды, өз ұстанымына кәміл сенуді, ізгіліктерді сақтауға үйрететін құрал, шығармашыл қызметтің өлшемі мен өрісі; адамның тұлғалық қасиеттерімен, қажыр-қайратымен, біліктілігімен, көрегендігімен, мұрат-мақсаттарымен ерекшеленетін суырып салма өнердің дәрежелі деңгейі; халқымыздың рухани-мәдениетінің көне де кең таралған, ықылым заманнан қызықтырған, магниттей тартқан қасиет-қабілеттері; әдебиеттің

жетілген, ажарланған, тұлғаланған түрі, оның өтімді, өткір үлгісі, өнегелі үрдісі деп сөз өнерінің, тарихи-идеялық негіздері мен ұлттық үлгілерін қарастырғанын айтқан жөн. Десек те, ғалымның қаламынан шыққан «Шешендік» оқу құралы қазақ мәдениетінде теңдессіз құнды еңбек.

Еліміздегі жастар мәселесі де Жақан Жанболұлының еңбектерінде әр қырынан зерттелгені мәлім. Онда: «Иман – сенім, имандылық – жан рухының тазалығы. .... Рухани жүдеген, іштей азғындаған жан - жеңілтек мінезге немесе дөрекілікке тез ұрынады. Өзіне сене алмаған – қадірсіз, жақсылық күте беруге болмайтын қайырымсыз болады деген тұжырымын айтады. Ғалым адамның рухани жан дүниесі жүдегенде, теріс пиғылды адамдар тобы көптеп қалыптасатындығын ескертеді. Адамның сенімі ешқашан жоғалмауы керек. Сенім бар жерде имандылық бар» - деп ой түйіндейді ғалым Тұрсын Жұртбай. «Түркілер ұғымында мәңгілік мақсатты көздемеген іс оңбайды, оны Тәңірі жарылқамайды». «Мәңгілік ел» нысанасы – мәңгілік рухани аңсар, ол түркі тегінің тұтастығы мен тәуелсіздігінің кепілдігін қамтамасыз етуге арналған тектік, тазалық пен еркіндік идеологиясы. Ал ұлттық тәуелсіздік иісі түркі әлемінің рухани еркіндік нысанасы». «Тәуелсіздік мәселесін біз көбінесе ұлт-азаттық қозғалысымен байланыстырамыз. Алайда мұндай техногенді үдеріс те ұлттық тәуелсіздік идеясының өміршең мұраттарын аяқасты қыла алмайды». Бүгінгі таңда бұл ұғымдарды біріктіретін «қазақ» деп еркіндікті, азаттықты, «алаш» деп бірлікті танитын тәуелсіз Қазақ елі- дей келе, шежіре әр адамның жоғын тауып береді, ата-бабасының өрлігін, ерлігін, тектігін өз мүддесін ұлт мүддесіне қабыстырған жандар екенін атап көрсетеді.

Ж.Молдабековтың «Қазақтану» ілімінің негізін қалаушы ғалым ретінде қаламынан шыққан еңбектерінің роліотандық және әлемдік гуманитарлық ғылым тарихында қарастыруға тұрарлық деуге негіз бар. Шын мәнісінде де қазақтану – әлеуметтік-мәдени рухани құндылықтарға толы ұғымдар жиынтығы. Осылайша, Қазақтану бүкіл адамзаттың, тұтастай алғанда этно-педагогика, этно-мәденитанулық, философиялық, тарихи білім негізі бола алады. Атап айтар болсақ, «Қазақтану» әлеуметтік үдерістерді идеологиялық тұрғыда талдап бүкіл ұлттық тарихи-мәдени құндылықтар тұрғысында қарастыруға болады деуге негіз бар. Қаламынан шыққан «Қазақ осы мың өліп, мың тірілген» (1998), еңбегінде болашақта қазақ қоғамы отандық гуманитарлық, рухани-мәдени, тарихи әлеуметтік салада жазылып шыққан орасын зор қомақты еңбектерінің бірі. Олар: қазақтану идеясы, қазақ болмысы, Абай және адамтану, шежіре және өнеге, туған жерді жатсынбау, мал-жан сақтау, атамекенді тану және табысу, битану және билер беделі т.б. болып бірізділікпен астасып жатқан ділдік және дүниетанымдық тұрғыдағы құндылықтар жүйесі. Жақан Жанболұлының рухани тұрғыдан жан-жақты жетілген адамдарға ғана «ұят», «сауап», «иман» деген ардақты адами ұғымдар тән екеніндігін сол кездің өзінде қазіргі кездегі тәуелсіз қазақстандық әлеуметтік қоғамның сұраныстырына тікелей жауап беретін болатындай. Оған дәлел, Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы Жолдау аясында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы 2013 стратегиялық бағыттағы мемлекеттік тұжырымдамаларын атап өтуге болады.

Соңғы уақытқа дейін этникалық көзқарастың басты бағыты мәдениеттің барлық түрлерінен өтетін айырмашылыққа баса назар аудару болды және үнемі өзгеріп отыратын тірек нүктесі болды (әртүрлі белгілер, әртүрлі кодтар және т.б.). Мәдени код мәдениетаралық қарым-қатынас деңгейінде де, этникалық азшылықтардың басым мәдениетпен өзара әрекеттесу үрдісінде де алынады. Сонымен қатар, мәдени өндіріс үрдіс ретінде қарастырылады, мәдени сәйкестіліктің құрылымы «субъектілер жасаған позициялардан гөрі орындаушылық, позициялау» сипатталады. Десекте, егемен елдегі адамгершіліктің төрт ұстанымы – адамдықты арттыру, тұлғалықты тұрақтату, азаматтың кісілігін көтермелеу, тұлғалық қарым-қатынасты нығайту мәселелеріне, Абайдың даналығы шешендігіне, бүкіл Шығыс ғалымдары Аристотельден кейінгі екінші ұстазымыз деп таныған әбу-Насыр әл-Фараби теорияларымен зерделеумен бірге Ж.Молдабековтың



тәлімдік маңызын терең ғылыми дүниетанымдық еңбектерін, мәдениеттану, әлеуметтанулық тұрғыда жүйеленген жұмыстары – бүгінгі гуманитарлық ғылым талабының, Қазақстан және әлем дамуының сұраныстарына жауап береді және өлшемі болуға мүмкіндігі бар. Дана Абайдың: «ұят кімде болса, иман сонда», – деп айтқан сөзін қазіргі қоғамымыздағы коррупция, жауапкершіліктің аздығы, азамат ретінде Ел мен ұлт алдындағы парызы мен қарызын дұрыс түсінбеу т.б. осы рухани жұтандықтың жемісі деп жазылған ұғымды қолдану орынды болмақ.

**Қорытынды:** Ж.Молдабеков мұрасындағы рухани құндылықтар жүйесі туған елдің мәдени сұранысына лайықты. Ондағы этно-мәдени құндылықтарды ұлттық идеяға айналдыра таныту – дүниетанымдық қызметтің арнайы ұғымдық деңгейіне және амалы ретінде қарастыруға болатындығы анықталды. Олай болса, ұлттық идея ретінде мақалада көрсетілгендейтұлғаның қалыптасып дамуына елдің рухани-мәдениеті жаңғыратын, патриот азаматтың интеллектуалды әлеуеті қалыптасатын, мәдениетті елдікке негіз болатын жастар санасын жанғыртуға ықпал етері сөзсіз. Сондай-ақ, ұстаз-ғалымның өміршең идеялары жастардың бойында ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыруда мәні зор болмақ. Сайып келгенде, Ж. Молдабековтың білім-ғылым саласын дамытуға сіңірген белсенді қызметі ұшан-теңіз. Еліміз болашағына аса маңызды «Қазақтану» ілімінің ғылыми бағытында жасаған еңбегін жас ұрпақ аса толғаныспен еске алатынына сеніміміз мол. Ғалым-Ұстаздың мағыналы ғұмыры, көрнекті қайраткердің рухани мұрасы өскелең ұрпақтың рухты болып жетілуіне септігін тигізіп, ұстаздық жолы - қымбат мектеп болмақ.

Бүгінде еліміздің әлемде танылуына зор үміт пен жауапкершілік жастарға жүктеледі. Ұлт тарихында танымдылығы жоғары, отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың дамуына өзіндік үлес қосқан қазақтанушы ғалымның еңбектерін танып білу - біздің парызымыз. Осылайша тәжірибелі ұстаз, дарынды ғалым, көрнекті қайраткер Ж.Молдабековтың жемісті қызметі мен еңбектері келешек ұрпаққа үлгі болып қала бермек!

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Аль-Фараби. *Историко-философские трактаты*. Алма-Ата: Наука, 1985.– С.403-408
2. Г.Гегель. *Работы разных лет*. Москва, 1971, С.181-182.
3. Әбдуқадыр Г.Ә., Шашаева Г.К. Ж.Ж. Молдабековтың еңбектері негізінде білім алушылардың рухани құндылықтарын қалыптастыру Республикалық ғылыми танымдық «AL-Farabi.kz». журнал, ҚазҰУ «Қазақ университеті» баспа үйі №4/ 2018, Индекс 74501, 49-50 бб.
4. Шашаева Г.К. «Мәдени мұра құндылықтарын жоғары білім беруде қолдану»: Монография. – Алматы, 2019. 156 б.
5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы <https://www.enbek.kz/docs/kk/node/2013.194.№1.№191>
6. Молдабеков Ж.Ж. *Интеллектуальная нация: стратегический курс и культурно-национальные факторы становления*. – Алматы, 2016. – С. 3.
7. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы / Ақиқат. -2013. -№1. – 5-27 бб.
8. Молдабеков Ж.Ж. *Қазақ осы, мың өліп, мың тірілген*. – Алматы: Санат, 1996.
9. Молдабеков Ж.Ж. *Модернизация – путь к исторической культуре и развитию партнерства: возрождение инновационной традиции // Collektion of Treatises in Celebration of the 20 th Anniversary of the Establishment of Diplomatic Relations between the Republic of Korea and the Republic of Kazakhstan Theme Exchange of Korean and Kazakh Studies*. - Nahyayg University, 2012. - С. 9-169.

10. Молдабеков Ж.Ж. Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы мен философиясы. Т.9, Астана, 2007.

11. Молдабеков Ж. Ж. Шешендік: оқу құралы. - Алматы; Қарасай, 2009.– 179 б.

#### References:

1. Al-Farabi. *Īstoriko-filosofskie traktaty*. Alma-Ata: Īzd-vo Nauka, 1985 — 624 s.— S.403-408

2. G. Gegel. *Raboty raznyh let Moskva*, 1971, s.181-182.

3. Ābduqadyr G.Ā., Şaşaeva G.K. J.J. *Moldabekovtyñ eñbekteri negizinde bilim aluşylardyñ ruhani qūndylyqtaryn qalyptastyru Respublikalyq ğylymi tanymdyq "AL-Farabi.kz". jurnal, QazĪU "Qazaq universiteti" baspa üii №4/ 2018, Īndeks 74501, 49 – 50 b*

4. Shashaeva G.K. «Mādeni mura qundylyqtaryn joġary bilim berýde qoldaný»: *Monografua*. – Алматы, 2019. 156 bet.

5. *Qazaqstan Respyblikasy memlekettik jastar saiasatynyñ 2020 jylǵa deungı tujyrymdamasy* <https://www.enbek.kz/docs/kk/node/194>. -2013. -№1.№ 191

<https://www.facebook.com>.

6. Moldabekov J.J. *Intellektýalnaia natsua: strategichesku kýrs ı kýltýrno-natsionalnye faktory stanovlenia*. – Алматы, 2016. – S. 3.

7. Nazarbaev N.Ā. «Qazaqstan - 2050» *strateguasy – qalyptasqan memlekettiñ jaña saiası baġyty. Qazaqstan Respyblikasynyñ Prezidenti N.Ā. Nazarbaevtyñ Qazaqstan halqyna joldaýy / Aqiqat*. -2013. -№1. – b. 5 – 27.

8. Moldabekov J.J. *Qazaq osy, myñ ólip, myñ tirilgen*. – Алматы: Sanat, 1996.

9. Moldabekov J.J. *Modernizatsua – pýt k istoricheskoi kýltýre ı*

*razvitiyú partnerstva: vozroждение innovatsionnoi traditsii // Kollektion of Treatises in 13. Celebration of the 20 th Anniversaru of the Estabjishment of Diplomatic Relations between the Republic of Korea and the Republic of Kazakhstan Theme Exchange of Korean and Kazakh Studies*. - Hahyayg University, 2012. - C. 9-169.

- Hahyayg University, 2012. - S. 9-169.

10. Moldabekov J.J. *Qazaq bı-sheshenderiniñ dūnietanymy men filosofiasy*. Т.9, Астана, 2007

11. Moldabekov J. J. *Sheshendik: oqý quraly*. - Алматы; Qarasai, 2009.– 179 b.